

Өз Еркімен емделуден жалтарған алкоголизммен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыратын адамдарды еріксіз емдеу және оларды медициналық-әлеуметтік оңалту мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 сәуірдегі N 514 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 маусымдағы № 703 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.06.24 № 703 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2184 "Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Өз еркімен емделуден жалтарған алкоголизммен, нашақорлықпен немесе уытқорлықпен ауыратын адамдары еріксіз емдеу және оларды медициналық-әлеуметтік оңалтудың тәртібі туралы Ереже (1 қосымша);
алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды емдейтін мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелер туралы Ереже (2 қосымша) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

денсаулық сақтау үшін, 1995 жылғы республика бюджетін анықталған кезде ауруханалардағы бар төсектер жүйесінің ретке келтірілуін ескере отырып, жаңадан ашылатын, алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды емдейтін мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерін ұстауға қажет қаражатты қарастырсын;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің орталық аппаратында наркология бөлімін ұйымдастыруға, оларды ұстауға тиісті қаражат бөле отырып, 3 қосымша орын бөлу туралы мәселені қарасын;

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен бірлесіп денсаулыққа қатерлігі мен өте ауыр еңбек жағдайларына байланысты мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелері қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын көтеру туралы мәселені қарасын.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Еңбек министрлігі:

жергілікті жағдайларды ескере отырып алкогольизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды емдейтін мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерін ұйымдастырсын;

бұл мекемелерде тиісті цехтар, шеберханалар және басқаларды ашып, оларды қажет шикізаттармен және шығарылған өнімдерін сатуды қамтамасыз ете отырып, алкогольизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды емдеуден өту кезеңінде еңбекке тартуды көздейтін болсын;

мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерінің медицина қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету үшін оларға қызметтік тұрғын үй бөлуді көздей отырып шаралар қолдансын;

жаңадан ашылып жатқан мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерді қажетті азық-түлік тағамдарымен, жұмсақ және қатқыл құрал-саймандармен, санитарлық автокөлікпен және басқа қажетті мүлікпен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жаңадан ашылып жатқан мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерін медицина кадрларымен, қажетті медициналық аппаратуралармен және техникамен, медикаменттермен және алкогольизмді, нашақорлық пен уытқұмарлықты емдеуге арналған арнайы дәрі-дәрмек препараттарымен қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен шарт бойынша мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелерінің сыртқы және ішкі күзетін қамтамасыз етсін, сондай-ақ медициналық куәландыруға тиісті адамдарды және еріксіз емдеуге жіберілген ауруларды жеткізуді жүзеге асыратын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Еңбек министрлігі, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, жергілікті әкімдер өздерінің нормативтік актілерін аталған ережелерге сәйкестендірсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан

Республикасы

Министрлер

Кабинетінің

1995

жылғы

19

сәуірдегі

№

514

қаулысына

1 қосымша

Маскүнемдік, нашақорлық және уытқұмарлық дертінде шалдыққан, ерікті емдеуден бұлтарған адамдарды еріксіз емдеуге жіберу және оларды медициналық-әлеуметтік сауықтыру тәртібі туралы Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже денсаулық сақтау органдарының наркологиялық мекемелері мен ішкі істер органдарының маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдарды анықтау, есепке қою, еріксіз емдеуге жіберу, медициналық-әлеуметтік сауықтыру және қайта тәрбиелеу, еңбек ұжымдарына, қоғамдық бірлестіктерге және отбасыларға осы жұмыста қолғабыс тигізу жөніндегі бірлескен шараларды жүргізу тәртібін белгілейді.

Денсаулық сақтау және ішкі істер органдары өз қызметінде Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Маскүнемдік, және нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан, ерікті емдеуден бұлтарған адамдарды еріксіз емдеу және медициналық-әлеуметтік сауықтыру туралы" Жарлығын, Қазақстан Республикасының басқа заң актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Маскүнемдікке және нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа шалдыққан адамдармен сауықтандыру жұмыстарын жүргізуде нарколог дәрігерлердің милиция қызметкерлерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді наркологиялық мекемелердің бас дәрігерлері (наркологиялық бөлімшелердің басшылары) мен ішкі істер органдарының бастықтары жүзеге асырады, оларға сондай-ақ қызмет өкілеттіктері шегінде осы Ережені орындауды ұйымдастыру, қарамағындағыларға алда тұрған міндеттерді орындауда әдістемелік және практикалық көмек көрсету, аталған санаттағы адамдарды емдеудің, сауықтырудың және қайта тәрбиелеудің алдыңғы қатарлы нысандарын енгізу жөніндегі міндеттер жүктеледі.

II. Маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертінне шалдыққан адамдарды анықтау және денсаулық сақтау органдарының наркологиялық мекемелерінде, ішкі істер органдарында есепке қою тәртібі

3. Денсаулық сақтау органдарының наркологиялық мекемелерінде (бөлімшелерінде) мыналар есепке қойылады:

маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққандар, соның ішінде денсаулық сақтау жүйесінің медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемелерге, қатты сырқат маскүнемдік дертіне шалдыққандарды еріксіз емдеуге арналған арнаулы наркологиялық бөлімшелерге жіберуді қажет ететін адамдар;

ерікті емдеуден өткен маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққандар.

4. Ішкі істер органдарында мыналар есепке қойылады:

медициналық айықтырғышқа бір жыл ішінде екі рет және одан көп түскен адамдар, спирт ішімдіктерін ішкені немесе қоғамдық орындарда мас күйінде жүргені үшін бір жыл ішінде екі рет және одан көп әкімшілік жазаға, немесе қоғамдық ықпал ету шараларына тартылған адамдар;

спирт ішімдіктерін ішетін және қоғамдық тәртіп бұзуға жол беретін, отбасында дау-жанжал шығаратын адамдар;

белгіленген тәртіпте маскүнемдік дертіне шалдыққан, ерікті емдеуден бұлтарған деп танылған адамдар;

денсаулық сақтау жүйесінің медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемелерінде ерікті (жасырыннан басқа) немесе еріксіз емдеуден өткен адамдар;

дәрігердің белгілеуінсіз есірткі пайдаланатын және денсаулық сақтау органдары жүйесінде есепте тұрған адамдар;

белгіленген тәртіпте нашақорлық дертіне шалдыққан деп танылған, соның ішінде денсаулық сақтау органдарының наркологиялық мекемелерінде (бөлімшелерінде) ерікті емдеуден өтуші адамдар;

белгіленген тәртіпте уытқұмарлық дертіне шалдыққан деп танылған адамдар.

5. Спирт ішімдіктерін құныға ішетін, есірткі және уытты заттарды пайдаланатын адамдарды дер кезінде және толығымен анықтау, оларды есепке қоюды қамтамасыз ету мақсатында мынадай ақпарат көздері пайдаланылады;

Денсаулық сақтау органдарының наркологиялық мекемелерінде (бөлімшелерінде);

халыққа емдеу-сауықтандыру жәрдемін көрсету кезінде алынған мәліметтер;

құқық қорғау органдарынан, мекемелердің, кәсіпорындар мен оқу орындарының әкімшіліктерінен алынған мәліметтер;

қоғамдық бірлестіктердің, азаматтардың, спирт ішімдіктерін құныға ішетін, есірткі және уытты заттарды пайдаланатын адамдардың туған-туыстарының х а б а р л а м а с ы .

І ш к і і с т е р о р г а н д а р ы н д а :

медициналық айықтырғыштардың, ішкі істер органдары кезекші бөлімдерінің, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекциялардың, денсаулық сақтау органдарының медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемелерінің деректері;

ішкі істер органдарының қызметкерлері халықпен жұмыс істеу, жедел-іздістіру шараларын өткізу және қылмыстарды тергеу процесінде алынған деректер;

азаматтардың мәлімдемесі, заңды ұйымдар мен жеке адамдардың хабарламасы;

еңбек ұжымдарының, сондай-ақ азаматтардың тұратын жеріндегі қоғамдық бірлестіктердің ақпараты.

III. Наркологиялық мекемелердің (бөлімшелердің) ішкі істер органдарымен, еңбек ұжымдарымен, қоғамдық бірлестіктермен және отбасылармен өзара іс-қимыл жасау тәртібі

6. Наркологиялық мекемелер (бөлімшелер) жүйелі түрде, бірақ тоқсанына кем дегенде бір рет медициналық айықтырғыштарға немесе ішкі істер органдарына түскен адамдарға іріктеу жүргізеді, ішкі істер органдарында сақтандыру есебінде тұрған спирт ішімдіктерін құныға ішетін, есірткі және уытта заттарды пайдаланатын адамдардың қолда бар есебін салыстырып тексереді.

7. Наркологиялық мекемелердің (бөлімшелердің) қызметкерлері ішкі істер органдарының қызметкерлерімен бірлесіп спирт ішімдіктерін құныға ішетін және есірткі заттарын пайдаланатын адамдарға тәрбиелік ықпал ету мақсатында:

есепте тұрған адамдар туралы ақпарат алмасады, нақты адамдар мен оларды емдеу нәтижелері туралы деректер береді;

отбасы мүшелерінің, туған-туыстарының, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен жеке сақтандыру әңгімесін өткізеді, бұл ретте әңгіменің мазмұны мен нысаны тұлғаның және оның мінез-құлқының және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып белгіленеді.

азаматтардың бас қосуына қатысады, еңбек ұжымдары мен халық тұратын жерлерде әңгіме өткізеді;

спирт ішімдіктерін құныға ішетін, есірткі және уытты заттарды пайдаланатын адамдардың отбасы мүшелеріне өздерінің құқықтарын және осындай адамдардың әрекет ету қабілетін шектеу туралы халық соттарына өтініш жасау

тәртібін түсіндіреді және оларға халық сотына өтініш жасау үшін материалдарды ресімдеуге көмек көрсетеді.

IV. Маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдарды арнаулы емдеу-сақтандыру мекемелеріне емделуге еріксіз жіберу тәртібі

8. Маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдарды еріксіз емдеуге жіберуді мекемелердің, өздерінің, сырқаттың туған-туысқандарының, еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің және ішкі істер органдарының инициативасы бойынша тиісті медициналық куәландырудан кейін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген тәртіпте наркология мекемелері (бөлімшелері) ресімдейді.

9. Тұрақты мекені жоқ адамдарды еріксіз емдеуге жіберуді олар жүрген жердегі наркологиялық мекемелер (бөлімшелер) мен ішкі істер органдары ресімдейді.

10. Наркологиялық мекемелер (бөлімшелер) ішкі істер органдарына маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдарды еріксіз емдеу қажеттігі туралы ұсыныс жасайды.

11. Ішкі істер органында наркологиялық мекеменің (бөлімшенің) еріксіз емдеуге жіберуге арналған өтініші бойынша материалдар әзірлеу және оны ресімдеу милицияның учаскелік инспекторына және медициналық айықтырғыштың қызметкерлеріне жүктеледі, ал олар мынадай шараларды жүзеге асырады;

үстінен өтініш түскен адамға медициналық куәландыру үшін жолдама береді;

Ескерту: Медициналық куәландырудан бұлтарған адамды ішкі істер органдары наркологиялық мекемеге алып келіп, соңынан еріксіз тексеруден өткізеді;

қажет болған жағдайда наркологиялық мекемелерге (бөлімшелерге) қоғамдық тәртіпті бұзатын адамның спирт ішімдіктерімен, есірткі немесе уытты заттармен қиянат ететіні туралы қосымша материалдар береді;

жиналған материалдар бойынша дәлелді қорытынды жасайды, онда спирт ішімдіктерін құныға ішу немесе есірткі заттарын пайдалану, емделуден бұлтару фактілерін баяндайды. Барлық құжаттар адамды медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемеге еріксіз емдеуге жіберу туралы мәселені шешу үшін наркологиялық мекемеге (бөлімшеге) жіберіледі.

12. Наркологиялық мекемелер (бөлімшелер) барлық жиналған материалдарды сол адамның тұратын жеріндегі халық сотына тапсырады. Ал ол материалдар келіп түскен күннен 10 күндік мерзімнен кешіктірмей оны ашық мәжілісте өтініш жасалған адамның және оның өтініші бойынша адвокаттың, сондай-ақ наркологиялық мекеме (бөлімше) ішкі істер органы өкілдерінің, туыстарының, еңбек ұжымы, қоғамдық бірлестік өкілдерінің қатысуымен қаралады және Жарлықпен белгіленген шеңберде емдеу мерзімін белгілеумен медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемелерде маскүнемдіктен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан еріксіз емдеу туралы тиісті қаулы шығарады.

13. Медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемелерде болу мерзімін сот наркологиялық мекеменің (бөлімшенің) кеңесін ескере отырып б е л г і л е й д і .

Ескерту: медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемеге еріксіз емдеуге жіберу туралы шағым түскен адам сотқа келуден бұлтарған жағдайда, ішкі істер органдары алып келеді.

14. Медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемеде еріксіз емдеу кезеңіне тексеру үшін еріксіз госпитальға жатқызылған уақыты кіреді.

15. Медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемеге жіберу кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, белгіленген тәртіпте ата-ана құқынан айырылмаған 8 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, 60 жастан асқан ерлерге және 55 жастан асқан әйелдерге, 1 және 2 топтағы мүгедектерге, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен ақыл-есі бұзылған және соматикалық аурумен ауыратындарға қолданылмайды.

V. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдарға емдеуді және медициналық-әлеуметтік сауықтыруды қолдану тәртібі

16. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарға халық соты әкімшілік жазамен қатар денсаулық сақтау жүйесінің медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемесінде еріксіз емдеуді белгілеуі мүмкін.

17. Маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан, әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін халық соты әкімшілік қамау түрінде жаза белгілеген адамдарды медициналық куәландырудан өткізу және оларға материалдар дайындау наркологиялық мекемелерге (бөлімшелерге) жүктеледі.

Мұндай адамдардың материалдары халық сотына жаза мерзімі аяқталғанға дейін ұсынылуы керек.

VI. Еріксіз емдеуді тоқтату негізі мен тәртібі және медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемеден шығару

18. Медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемеде жатқан адамдар одан мынадай жағдайда шығарылады:
емдеу ықпалы табысты болуына байланысты соттың қаулысы бойынша мерзімінен бұрын, бірақ кем дегенде 6 айдан соң;
сот белгілеген еріксіз емдеу мерзімі аяқталуы бойынша,ерікті емделуді жалғастыру үшін;
еріксіз емдеуге бөгет жасайтын ауыр сырқаттың анықталуына байланысты соттың қаулысы бойынша.

19. Мекемеде жатқан адамдар емдеуден бұларған жағдайда, тиісті медициналық тұжырымдама негізінде әкімшіліктің ұсынумен мекеме орналасқан жердегі аудандық (қалалық) халық соты онда болу мерзімі ұзартуы мүмкін. Бұл ретте, мекемеде болу мерзімі үш жылдан аспауы керек.

20. Арнаулы емдеу-сақтандыру мекемесінде немесе ол жерге бара жатқанда жасаған қылмысы үшін сотталған адамдар жазасын өтеу орнында емделеді.

VII. Еріксіз емдеуден өткен адамдарды емдеуді, медициналық-әлеуметтік сауықтыруды жалғастыру

21. Маскүнемдіктен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан еріксіз емдеуден өткен адамдар осы мекемелерден шыққан соң тұратын жеріндегі наркологиялық мекемелерде (бөлімшелерде) есепке тұруға және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген тәртіпте оларда үзбей емдеуден өтуге міндетті.

22. Медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемеден шыққан адамдарды жұмысқа және тұрмыста орналастыру тұратын жері бойынша жүргізіледі және ол жергілікті әкімдер белгілейтін аумақтық мемлекеттік басқару органдарына жүктеледі.

23. Медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекемелерде заңдылықтың сақталуын Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оған бағынышты прокурорлар қадағалайды.

VIII. Ішкілікке салынуға, маскүнемдікке, нашақорлыққа немесе уытқұмарлыққа мүмкіндік туғызатын себептер мен жағдайларды жою жөніндегі шаралар.

Жұмысқа баға беру

24. Наркологиялық мекемелер (бөлімшелер), ішкі істер органдары маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдарды емдеу және қайта тәрбиелеу жөніндегі жұмыстың күйін тоқсан сайын қорытып, талдауға міндетті. Статистикалық есеп жүргізу мен бақылау денсаулық сақтау органдарына жүктеледі.

25. Маскүнемдік дертіне шалдыққан және есірткі немесе уыттық заттар пайдаланатын адамдарға қатысты сақтандыру шараларын өткізуді жақсарту, осы бағытта еңбек ұжымдарына, қоғамдық бірлестіктер мен отбасыларына ықпалды көмек көрсетуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар дайындап, қабылдау.

26. Қажет болған жағдайда барлық меншік түріндегі кәсіпорындар мен мекемелерде ішкіліктің таралғаны, тұратын жері бойынша қоғамдық бірлестіктердің жұмысындағы және ішкілікке салынуудан әрі маскүнемдіктен сақтау жөніндегі азаматтардың жұмысындағы кемшіліктер, өнеркәсіптік кәсіпорын жанынан наркологиялық мекеме (бөлімше), арнаулы наркологиялық мекеме құру туралы және басқа медициналық-әлеуметтік сауықтыратын наркологиялық мекеменің жұмысын жақсарту мәселелерімен және маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан адамдарға көмек көрсету туралы мемлекеттік өкімет және басқарудың атқарушы және өкілетті органдарына ұсыныс жасау.

27. Спирттік ішімдіктер және есірткі заттарын ішетін адамдарды емдеу мен қайта тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа баға беру кезінде мыналар ескеріледі:
наркологиялық мекемелерде (бөлімшелерде).

Жұмыс жүргізілетін аудан (қала) халқы арасында маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық дертіне шалдыққан (әсіресе аурудың бастапқы кезіндегі) ауруларды анықтау мен жүргізу күйі; оларды емдеу тиімділігі, маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын ауруларды емдеуден жалтару фактілерінің таралуы, ақыл-есі бұзылу жиілігі, ерікті, жасырын және еріксіз емдеу курсынан өткен аурулардың ремиссия сапасы; маскүнемдіктен, нашақорлықтан немесе уытқұмарлықтан еріксіз емдеуге жіберілген адамдардың саны және басқа да көрсеткіштер;
ішкі істер органында:

мас күйінде жасалған қылмыстар мен басқа да құқық бұзушылықтардың саны

; спирт ішімдіктерін құныға ішетін, есірткі және уыттық заттарды пайдаланатын адамдарды толық және уақтылы анықтау мен есепке қою; олармен жүргізілетін сақтандыру шараларының тиімділігі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 5 ж ы л ғ ы 1 9 с ә у і р д е г і
N 5 1 4 қ а у л ы с ы н а
2 қ о с ы м ш а

Алкоголизмге, нашақорлыққа және уытқұмарлық дертіне шалдыққан аурулар үшін мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемелері туралы Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемеде (бұдан әрі МЕПМ) емделуден жалтарған немесе емделгеннен кейін де алкогольге, есірткіге құнығуын қоймаған, қолданылған тәртіптік немесе қоғамдық яки әкімшілік ықпал ету шараларына қарамастан қоғамдық тәртіп пен қоғамдық тұрмыс ережесін бұзатын адамдар орналастырылады.

Аталған адамдар МЕПМ-ге аудандық (қалалық) халық сотының қаулысы бойынша жіберіледі. Еріксіз емдеу мерзімі олардың мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемеге келген кезінен бастап есептеледі.

2. Мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекеменің негізгі міндетті аталған адамдарды емдеу болып табылады. Осы мақсатта бұл мекемелерде арнаулы ем жүргізіледі, оқшаулау тәртібі белгіленеді.

3. МЕПМ Денсаулық сақтау министрлігіне, әкімдер жанындағы облыстық денсаулық сақтау басқармаларына (бөлімдеріне) тікелей бағынады.

4. Аталған мекемелердегі тәрбиелік жұмыс емдеушілерді заңды, қоғамдық тұрмыс ережелерін сақтау, мәдени деңгейін көтеру, сондай-ақ оларды емделудің қажеттілігіне сендіру рухында тәрбиелеуге бағытталған.

МЕПМ-дегі емделушілермен тәрбие жұмысын жүргізуге діни және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, еңбекшілер ұжымдары және басқа қайырымдылық ұйымдары тартылады.

5. Мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемеге түскендерді күзетуді ішкі істер органдары жүзеге асырады.<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.05.30. N 906 қаулысымен.

6. Мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемесінің қызметі жергілікті әкімдердің жанынан құрылған байқау комиссиясының бақылауымен жүзеге асырылады, олар сырқаттарды ұстау мен емдеуді ұйымдастыруда МЕПМ басшылығына жәрдемдеседі.

7. МЕПМ заңды ұйым құқын пайдаланады және оның елтаңбалы мөрі болады .

Ішкі тәртіп ережесін ішкі істер органдарының келісімімен денсаулық сақтау органдары белгілейді.

8. МЕПМ-де заңдылықтың сақталуын бақылауды прокуратура органдары жүзеге асырады .

9 . < * >

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.05.30. N 906 қаулысымен.

10. Емделушінің МЕПМ-де болған кезі еңбек стажын үзбейді және ол мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру бойынша жәрдемақы тағайындағанда жалпы еңбек стажына есептеледі.

11. Мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемеге шаруашылық қызметін көрсетуді еріксіз емдеуден өтушілер жүзеге асырады.

12. МЕПМ-де жүрген адамды арнаулы бөлімдердегі, кеңселердегі, радиотелеграф және телефон тораптарындағы, есеп-бухгалтерлік аппараттағы жұмыстарға, материалдық жауапты лауазымдарға, сондай-ақ жүргізушілік, экспедиторлық, тракторшылық сияқты тағы басқа кәсіптерге пайдалануға тыйым салынады .

II. Мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемедегі тәртіп

13. МЕПМ-де ондағы емдеушілердің медициналық ұйғарымдарды орындауын, сондай-ақ оларды тұрақты қадағалауды қамтамасыз ететін тәртіп белгіленеді.

14. Ерлер мен әйелдерді МЕПМ-де бір бөлімшеде ұстауға жол берілмейді. Бұрын қылмыстық әрекеті үшін сотталғандар сотталмағандардан бөлек ұсталады.

15. МЕПМ-де емделушілерге жеке құжат, ақша және сақтауға тыйым салынған заттар ұстауына рұқсат етілмейді.

Жеке құжаттар мен ақшаны сақтауды МЕПМ әкімшілігі жүзеге асырады.

МЕПМ-дегі адамның спиртті ішімдіктер, есірткі және тыйым салынған басқа да заттар алуға ниеттеніп жүргенін айғақтайтын жеткілікті дәлелдер болған жағдайда оған тінту жасалады, алған хат-хабар, сәлем-сауқат тексеруден өтеді. Жеке тексеруді тексерушімен жынысы бір адам жүргізеді.

16. МЕПМ қызметкерлеріне күш көрсете қарсыласқан, еліріп жанжал көтерген немесе басқа да зорлық әрекеттерін жасаған жағдайда МЕПМ-дегі адамға, маңайындағыларға немесе өзіне-өзі залал келтірмеуі үшін бой ұсындырғыш жейде кигізіледі.

Бой ұсындырғыш жейде МЕПМ бастығының немесе оның орнындағы адамның нұсқауымен қолданылады және оны қолдану медицина қызметкерінің қадағалауымен жүргізіледі. МЕПМ-дегі әйелдерге бой ұсындырғыш жейде қолданылмайды.

17. Мамандандырылған емдеу-профилактика мекемесінен немесе оған әкеле жатқанда қашқан адам Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауап береді. Оларды іздестіру Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қолданылып жүрген нормативтік актілері бойынша жүзеге асырылады.

III. Медициналық-санитарлық қызмет көрсету

18. МЕПМ-нің медициналық құрамы толық кешенді арнайы емдеуді ұйымдастырып, оны жүзеге асырады және санитарлық-гигиеналық қағидалардың сақталуын қадағалайды, санитарлық-профилактикалық жұмыстарды ұйымдастырады.

19. Емдеу-профилактикалық және санитарлық-эпидемиологиялық жұмыста МЕПМ-нің медициналық құрамы денсаулық сақтау туралы қолданылып жүрген заңдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтарын, нұсқамалары мен нұсқауларын басшылыққа алады.

IV. МЕПМ-де емделушілердің негізгі міндеттері мен құқықтары

20. МЕПМ-де емделушілер: белгіленген ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, әкімшілік пен медицина қызметкерлерінің талаптарын орындауға, емделуге, тәртіп бұзбауға, мекеме меншігіне ұқыпты қарауға, тұрғын жайды және мекеменің аумағын таза әрі ретті ұстауға, жеке бас гигиенасын сақтауға, тәртіп

сақтауда әкімшілікке жәрдем көрсетуге міндетті.

Құқық бұзуға жол бергені және материалдық залал келтіргені үшін мекемеде емделуші заңда белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады.

21. МЕРМ-дегі емделушілер:

қолма-қол есеп айырыспай-ақ азық-түлік пен негізгі қажетті заттарды алуға; жақын туыстарымен ай сайы қысқа немесе ұзақ мерзімді кездесуге; нәтижелі емделген жағдайда қысқа мерзімді демалысқа шығуға; дәрігердің қорытындысымен дәрі-дәрмек алуға; почтамен жіберілген немесе былайынша берілген сәлем-сауқатты алуға; байланыс жүйесі арқылы аударма түрінде келген ақшаны алуға. Аударылған ақша алушының жеке есеп шотына тіркеледі; санын шектемей қалағанынша хат жазып, хат алуға; өзінің жеке есеп шотындағы қаражаты есебінен қалағанынша әдеби кітаптар, жазу құралдарын сатып алуға, сондай-ақ газет-журналдарға жазылуға; үстел үсті ойындарын, музыка аспаптарын, спорт құралдарын сатып алуға және пайдалануға құқылы.

22. МЕРМ-дегілерге мынадай көтермелей шараларын қолдануға болады;

а л ғ ы с ж а р и я л а у ;

тәртібі жақсы болып, медицина қызметкерлерінің талаптарын орындаған жағдайда оларға сот осы мекемеде болуға кескен мерзімнің жартысын өтеген соң мыналарға рұқсат етілуі мүмкін:

туысқандарымен айына бір рет қосымша кездесуге; айына бір рет почтамен немесе былайынша қосымша сәлем-сауқат алуға; азық-түлік өнімдері мен негізгі қажетті заттарды сатып алуға Қазақстан Республикасында бекітілген ең төменгі жалақы көлемінде қосымша ақша жұмсауға.

23. МЕРМ-нің белгіленген ішкі тәртіп ережесін бұзған немесе емделуден жалтарған адамдарға еңбек заңында қарастырылған жазалау шаралары қолданылады. Онан басқа олар:

мекеме үйі мен оның маңайын тазалауға кезектен тыс кезекшілікке қойылуы; почтамен жіберілетін немесе былайынша берілетін кезекті сәлем-сауқатты а л у құ қ ы н а н а й ы р ы л у ы ;

азық-түлік өнімдерін сатып алу хақысынан бір айға дейінгі мерзімге а й ы р ы л у ы ;

10 тәулікке дейінгі оңаша қамауға отырғызылуы мүмкін.

24. Мекеменің бастығы мен оның орынбасарлары МЕРМ-дегі емделушілерді көтермелеу және жазалау құқын пайдаланады.

V. Материалдық-тұрмыстық және қаржымен қамтамасыз ету

25. МЕПМ-де емделушілерді тұрғын жаймен қамтамасыз етіліп, оларға қажетті тұрмыстық жағдайлар жасалады. Әрі адамға жататын жеке орын мен төсек бұйымдары беріледі. Олар әр маусымға сәйкес киіммен, ауа райына лайықты аяқ киіммен және белгіленген мөлшерде тамақпен қамтамасыз етіледі. Ас қорыту ағзалары сырқатымен ауырғандарға амбулаториялық емделу кезеңінде диеталық тағамдар беріледі.

26. Жаңадан ашылып жатқан МЕПМ республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылады. Оларды қаржыландыруға бөлінетін қаражат республика бюджетінен денсаулық сақтау саласы бойынша аталған мекемелерде емделушілерді бақылау мен күзетуге жұмсалатын шығын есептеле отырып қ а р а с т ы р ы л а д ы .

VI. МЕПМ-нен босату

27. МЕПМ-дегі адам емдеу-профилактикалық мекемеде ұстауға сот тағайындаған мерзім біткен соң немесе сот қаулысымен уақытынан бұрын босатылады.

28. МЕПМ-дегі адамнан созылмалы жан-жүйке дертінің немесе бұл мекемеде емделуге кедергі келтіретін ауыр науқастың белгілері байқалса, әкімшілік медициналық қорытындының негізінде оны мерзімінен бұрын босату жөнінде сол мекеме орналасқан жердегі жергілікті аудандық (қалалық) халық сотына өтініш беріп, мәселе қозғайды.

Мекеме әкімшілігі мерзімінен бұрын босатылған адамды, қажет болған жағдайда, сырқатына сәйкес емдейтін медициналық мекемеге жеткізіп салуды ұйымдастырады.

29. МЕПМ-нен босатылған адамға жеке заттары, құжаттары мен ақшасы қ а й т а р ы п б е р і л е д і .

Еңбек кітапшасына МЕПМ-де болған мерзімі туралы белгі соғылады, ал еңбек кітапшасы жоқ болса - анықтама беріледі.

30. МЕПМ-нен босатылған адамға, қажет болған жағдайда материалдық көмек қорынан бір жолғы ақшалай жәрдем берілуі мүмкін.

31. Мекеме әкімшілігі МЕПМ-нен босатылған адамның тұрмыста және еңбекте орнығуына көмек көрсету үшін оның тұрғылықты тұратын жеріндегі әкімге және диспансерлік бақылаумен қамту үшін республикалық, облыстық психоневрологиялық (наркологиялық) диспансерге хабарлайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК